

БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ МЕН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Орындаған: Әбілова Маржан

Әділбек Жанэль

Тексерген: Данаева Рыскуль

ЖОСПАР:

- 1.Бағалау және оны өлшеудің әдіс-тәсілдері ;
- 2.Шығындардың баптар бойынша жіктелуі;
- 3.Глоссарий;
- 4.Пайдаланылған әдебиеттер;

БАҒАЛАУ ҰҒЫМЫНА ТҮСІНІК:

1. Белгілі бір уақыт сәтіндегі кәсіпорын мүлкін ақшалай өлшеммен бейнелеу амалы.
2. Мүліктермен оның негіздерін тұтастай ұйым бойынша ағымдағы кезеңде жинақталған мәліметтерді алу үшін сатып алуды ақшалай өлшемде бейнелеу тәсілі.

АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨЛШЕУДІҢ БІРҚАТАР ӘДІСТЕРІ:

- **Өзіндік құны бойынша.** Ұйымның барлық активтері, капиталы, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары бастапқы құны көрсетіледі;
- **Ағымдағы құн.** Активтер есептерде осы немесе осыған ұқсас активтерге қазырғы жағдайда төленуге тиісті ақша немесе олардың эквиваленттер сомасы бойынша көрсетіледі.
- **Мүмкін болатын өткізу құны.** Активтер оларды қалыпты өрістеген жағдайларда сатудан алынуы мүмкін ақша немесе олардың эквиваленттер сомасы бойынша көрсетіледі.
- **Келтірілген құны.** Активтер қалыпты қызмет барысында осы активтің жасауға тиіс болашақ таза ақша түсімдерінің дисконттелеген құны бойынша бейнеленеді.

Калькуляция - өнім (жұмыс, қызмет) бірлігінің өзіндік құнын есептейтін бухгалтерлік есеп әдісінің бір элементі. Ол кәсіпорын жұмысына оперативті басшылық жасау үшін өте маңызды, өйткені ішкі резервтерді уақтылы ашуға және өнімнің өзіндік құнын одан әрі түсіндіруге, онын бәсекеге қабылеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

ШЫҒЫНДАРДЫҢ БАПТАР БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ:

Шығындар – бұл кәсіпорын өзінің өндіретін және коммерциялық қызметін іске асыру үшін өндіріс факторларының ақшалай түріндегі шығындары.

КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫ ӨНДІРІСТІК БЕЛГІСІНЕ ҚАРАЙ 3 ТҮРГЕ БӨЛІНЕДІ:

1. өзіндік құн құрайтын өнімдерді өндіру және сатуға кететін шығындар. Бұл капиталдың ауыспалы айналымы арқылы сатудан түскен ақшалай түсімді жабатын ағымдағы шығындар;
2. өндірісті ұлғайтуға және жаңартуға кететін шығындар. Әдеттегідей, бұл жаңа немесе жаңғыратын өнімге жұмсалатын бір жолғы ірі күрделі қаржы шығындары;
3. өндірістің әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй, тұрмыстық қызмет көрсету және осыған ұқсас басқа да мұқтаждарға кететін шығындар. Олар негізінде пайданың есебінен бөлінетін арнаулы қорлардан қаржыландырылады.

1.ӨНДІРІС КӨЛЕМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ:1

Тұрақты

- Осы кезеңдегі уақыт ішіндегі сомасы өнімді өндіру және оны сатудың мөлшеріне, құрылымына тікелей тәуелді болмайды. Тұрақты шығындарға жататындар: міндетті заемдық ақылар, есепті төлемдер, ғимараттар мен жабдықтардың амортизациясы, сақтандыру жарналары және т.б.

Өзгермелі

- бұл осы кездегі уақытта өнімді өндірудің мөлшеріне және сатылу мөлшеріне тәуелді болмайтын шығындар. Мысалы, еңбекақы шығындары, шикізаттар, отын, энергия, көлік қызметі және т.б.

2.ӨНДІРІС ПРОЦЕСІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РӨЛІ БОЙЫНША

- **Негізгі** – өндірістің технологиялық процесімен тікелей байланыстылар: шикізат пен материалдар, қосалқы материалдар мен басқадай шығындар.
- **Қосымша** – өндірісті ұйымдастыру мен оған қызмет етуге, оны басқаруға байланысты пайда болады.

3.ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫНА ЖАТҚЫЗУ ТӘСІЛІ БОЙЫНША

1.Тікелей– өнімнің белгілі бір түрін өндіруге байланысты, оның өзіндік құнына тура және тікелей кіруі мүмкін (шикізат, негізгі материалдар, аударымдар (ақша аударулар)). Жеке бөлімшеге жатқызылуы мүмкін шығындар бөлімшенің шығындары деп аталады (автомеханиктің еңбекақысы – автосервис бөлімшесінің тікелей шығындары, автомобильді бояу цехында қолданылатын бояудың құны – тікелей бояу цехының шығындары).

2.Жанама – өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнына тікелей енгізілмейтін және жанама (шарты) түрде бөлінеді. Жеке бөлімшелерге жатқызылмайтын шығындар жанама (жарнамаға шығындар – субъектінің әрбір бөлімшесінің жанама шығындары) деп аталады. Шығындар бір бөлімше үшін тікелей, екіншілері үшін жанама (завод менеджерінің еңбекақысы – кейбір бөлімшелер үшін қосымша шығындар, алайда бүкіл завод үшін тікелей шығын) болуы мүмкін.

4.ПАЙДА БОЛУ МЕРЗІМДІЛІГІ БОЙЫНША

1. **Ағымдағы**— жиі мерзімде болып тұратын шығындар (шикізат, материал шығыстары).
2. **Біржолғы (бір мәрте)** – еңбек демалысын, жөндеу жүргізу және т.б. төлеуге арналғандар. Олар сметаны бекіткен ретпен тәртіппен және мерзімде бірен-сарандап өнімнің өзіндік құнына кіреді.

5. Өндіріс процесіне қатысуы бойынша (басқару міндеттері бойынша):

- өндірістік;
- әкімшілік коммерциялық;

6. Тиімділігі бойынша:

- Өндірістік;
- өндірістік емес;

7. Бақыланатын мүмкіндігі бойынша:

- Реттелетін;
- Реттелмейтін;

8. Құрамы (біртектілігі) бойынша:

- Бірэлементтік;
- Кешенді;

9. Орташалау дәрежесі бойынша:

- Жалпы;
- Орта;

10. Пайданы генерациялау кезеңіне шығындарды жатқызу тәртібі бойынша:

- Өнімге;
- Кезеңге;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 . www.stud.kz
2. www.malimetter.kz